



Халықаралық олимпиададағы жеңіспен құттықтаймыз!

2024 жылғы 26 қазан-2 қараша аралығында Түркияның Анталия қаласында жыл сайын өтетін «Жібек жолы» тұжырымдамасына негізделген Халықаралық көппәндік білім олимпиадасы өтті.

Бұл беделді сайыс — Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан елдердің жас зияткерлерін біріктіретін үлкен білім бәйгесі. Қатысушылар арасында бәсекелестік өте жоғары болғандықтан, әрбір жетістік – ерекше құрметке лайық!

🏆 №6 мектеп-лицейі Халықаралық олимпиада жүлдегері, 7 «3» сынып оқушысы Төлеген Алиханды зор қуанышпен құттықтайды. Ол өз білімін дәлелдеп, келесі жетістіктерге жетті:

📌 Математика пәні бойынша – 2 орын (мұғалімі – Габбас С.Н.)

📌 Химия пәні бойынша – 3 орын (мұғалімі – Бардадымова Е.И.)

Төлеген Алиханға оқуда табыс, жаңа биіктер мен жарқын жеңістер тілейміз.